

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ МОДЕЛІН ҚҰРУ
ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ

ФИНАНСОВАЯ СИСТЕМА В УСЛОВИЯХ
СОЗДАНИЯ МОДЕЛИ
УСТОЙЧИВОГО ЭКОНОМИЧЕСКОГО
РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА

THE FINANCIAL SYSTEM IN
THE CONTEXT OF CREATING A MODEL
OF SUSTAINABLE ECONOMIC
DEVELOPMENT OF KAZAKHSTAN

АСТАНА
ASTANA
2024

*Посвящается юбилею - 80-летию
Искаковой Загиры Дуйсембаевны*



***ИСКАКОВА ЗАГИРА ДУЙСЕМБАЕВНА
ISKAKOVA ZAGIRA DUYSEMBAYEVNA***

***ЭКОНОМИКА ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ, ПРОФЕССОР
ДОКТОР ЭКОНОМИЧЕСКИХ НАУК, ПРОФЕССОР
DOCTOR OF ECONOMIC SCIENCES, PROFESSOR***

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА
THE MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY**



**«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ МОДЕЛІН ҚҰРУ
ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ»**

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының

МАТЕРИАЛДАРДЫҢ ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

Международной научно-практической конференции

**«ФИНАНСОВАЯ СИСТЕМА В УСЛОВИЯХ СОЗДАНИЯ МОДЕЛИ УСТОЙЧИ-
ВОГО ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА»**

COLLECTION OF REPORTS

of the International scientific and practical conference

**«THE FINANCIAL SYSTEM IN THE CONTEXT OF CREATING A MODEL
OF SUSTAINABLE ECONOMIC DEVELOPMENT OF KAZAKHSTAN»**

**АСТАНА, 2024
ASTANA, 2024**

УДК 336 (574)
ББК 65.261 (5Каз)
Қ 18

Редакциялық алқа:

Мақыш С.Б. - Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректоры

Жағыпарова А.О. - Экономика факультетінің деканы

Ажмухамедова А.А. - Экономика факультеті деканының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары

Мажитов Д.М. - «Қаржы» кафедрасының профессоры

Бұлақбай Ж.М. - «Қаржы» кафедрасының меңгерушісі

Майдырова А.Б. - «Экономика және кәсіпкерлік» кафедрасының меңгерушісі

Сембиева Л.М. - «Мемлекеттік аудит» кафедрасының меңгерушісі

Аманова Г.Д. - «Есеп және талдау» кафедрасының меңгерушісі

Мухияева Д.М. - «Менеджмент» кафедрасының меңгерушісі

Искаков Б.М. - «Тұран-Астана» университетінің «Іскерлік басқару» кафедрасының профессоры

Қ 18 «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ МОДЕЛІН ҚҰРУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы= Международная научно-практическая конференция «ФИНАНСОВАЯ СИСТЕМА В УСЛОВИЯХ СОЗДАНИЯ МОДЕЛИ УСТОЙЧИВОГО ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА»= International scientific and practical conference «THE FINANCIAL SYSTEM IN THE CONTEXT OF CREATING A MODEL OF SUSTAINABLE ECONOMIC DEVELOPMENT OF KAZAKHSTAN» – Астана: ИП «Булатов А.Ж.» – 572 б.(с.) - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-934-0

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ МОДЕЛІН ҚҰРУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағында жас ғалымдар, докторанттар, магистранттар мен студенттер жүргізген өзекті және проблемалық мәселелерді қамтитын авторлық зерттеулері берілген. Басылым студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, сонымен қатар қазіргі ғылымның өзекті мәселелерімен айналысатын оқырман қауымға арналған.

В сборнике материалов международной научно-практической конференции, на тему «ФИНАНСОВАЯ СИСТЕМА В УСЛОВИЯХ СОЗДАНИЯ МОДЕЛИ УСТОЙЧИВОГО ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА» представлены результаты авторских исследований по актуальным и проблемным вопросам, проведенных молодыми учеными, докторантами, магистрантами и студентами. Издание предназначено для студентов, магистрантов, докторантов, а также для широкого круга читателей, занимающихся актуальными проблемами современной науки.

The collection of materials of the international scientific and practical conference on the topic «THE FINANCIAL SYSTEM IN THE CONTEXT OF CREATING A MODEL OF SUSTAINABLE ECONOMIC DEVELOPMENT OF KAZAKHSTAN» presents the results of original research on topical and problematic issues conducted by young scientists, doctoral students, master degree students and undergraduates. The publication is intended for undergraduates, master and doctoral students, as well as for a wide range of readers studying current problems of modern science.

УДК 336 (574)
ББК 65.261 (5Каз)

ISBN 978-601-337-934-0

© Л.Н. Гумилев атындағы ұлттық университеті, 2024
© Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, 2024
© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2024

ҚР МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ

Сапиолдаева Б.Қ.

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті.,
Астана қ., Қазақстан Республикасы,
E-mail: balim.kairatova@gmail.com

Аңдатпа. Мақалада тұрақты экономикалық өсуге қол жеткізудегі өзекті мәселелерді шешудің бір құралы ретінде мемлекеттік басқару саласындағы цифрлық трансформация процесі қарастырылған. Қазақстандағы мемлекеттік саладағы цифрлық трансформацияның даму кезеңдері мен ағымдағы және нысаналы деңгейі талданады. Оны жүзеге асырудың негізгі «дәстүрлі» және «платформалық» бағыттары көрсетіле отырып, мемлекеттік қызмет саласында цифрлық трансформацияны іске асыру халықаралық нарықта қазақстандық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін едәуір арттыруды қамтамасыз ете отырып, елдің инновациялық әлеуетін кешенді дамытуға, сондай-ақ отандық инновациялық жүйені нығайтуға және оның сапалы жаңа деңгейге өтуіне ықпал ететіндігі көрсетілген.

Кілт сөздер: тұрақты экономикалық өсу, цифрлық трансформация, электрондық үкімет, цифрлық қызмет, дәстүрлі және платформалық бағыт.

Аннотация. В статье рассматривается процесс цифровой трансформации в сфере государственного управления как один из инструментов решения актуальных проблем для достижения устойчивого экономического роста. Анализируются этапы развития, текущий и целевой уровень цифровой трансформации в государственной сфере в Казахстане. Показано, что реализация цифровой трансформации в сфере государственной службы с указанием основных «традиционных» и «платформенных» направлений ее реализации способствует комплексному развитию инновационного потенциала страны, а также укреплению отечественной инновационной системы и переходу ее на качественно новый уровень, обеспечивая значительное повышение конкурентоспособности казахстанской экономики на международном рынке.

Ключевые слова: устойчивый экономический рост, цифровая трансформация, электронное правительство, цифровой сервис, традиционное и платформенное направление.

Annotation. The article examines the process of digital transformation in the field of public administration as one of the tools for solving urgent problems to achieve sustainable economic growth. The stages of development, the current and target level of digital transformation in the public sector of Kazakhstan are analyzed. It is shown that the implementation of digital transformation in the field of public service, indicating the main "traditional" and "platform" directions of its implementation, contributes to the comprehensive development of the country's innovation potential, as well as strengthening the domestic innovation system and its transition to a qualitatively new level, ensuring a significant increase in the competitiveness of the Kazakh economy in the international market.

Key words: sustainable economic growth, digital transformation, e-government, digital service, traditional and platform direction.

Елдің тұрақты экономикалық дамуы - бұл экономикалық өсуді, халықтың өмір сүру деңгейін арттыруды және қоршаған ортаның жағдайын жақсартуды қамтамасыз ететін даму. Тұрақты экономикалық дамудың негізгі қағидаттары инклюзивтілік, тиімділік және тепе-теңдік болып табылады. Елімізде 2030 жылға дейін тұрақты дамудың 17 негізгі мақсаты нақтыланған болатын. Оларды іске асыру қоғам өмірінің барлық негізгі әлеуметтік, экономикалық және т.б. мәселелерін шешуге бағытталған.


Осы мақсаттарды жүзеге асырудың бір құралы ретінде мемлекеттік басқару саласындағы цифрлық трансформацияны қарастырсақ болады. Цифрлық трансформация инклюзивті, тұрақты экономикалық өсімді қамтамасыз етуде, сондай-ақ еңбек өнімділігін арттыру мен жаңа жұмыс орындарын құруға әсер етуі мүмкін.

Цифрлық трансформация - бұл цифрлық технологияларды енгізу мен дамытуға байланысты қоғамдағы өзгерістер жиынтығы. Қазір бұл құбылыс өмірдің барлық салаларына әсер етуде. Себебі цифрлық технологиялар қоғам өмірі үшін қолайлы көптеген таңғажайып мүмкін-

діктерді ұсынуда. Мемлекеттік қызметтің цифрлық трансформациясы - бұл мемлекеттік органдардың бизнес-моделін, операциялары мен мәдениетін өзгерту үшін олардың қызметіне цифрлық технологияларды енгізу процесі.

Соңғы екі онжылдықта көптеген мемлекеттік басқару органдары dotcom (1990 - 2001 ж.) дәуіріндегі электрондық үкіметті құрудың алғашқы талпыныстарынан бастап, мемлекеттік цифрлық қызметтерді іске қосуда айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізгеніне қарамастан, мемлекеттік басқару саласында түпкілікті өзгерістер орын ала қойған жоқ. Содан кейін пандемияның басталуы - бұл мемлекеттік басқару саласындағы цифрлық трансформацияға тарихи бетбұрыс кезеңі болды. COVID-19 пандемиясы мемлекеттік органдарды цифрландырудың келесі кезеңіне өтуге итермеледі. Мемлекеттік мекемелердің 77 %-ы пандемия кезінде көтерілген цифрлық трансформация бастамалары олардың ұйымдарына оң әсер ететінін айтады.[1] Дегенмен, барлық прогреске қарамастан «цифрлық үкімет» болу үшін одан да көп жұмыс қажет. Цифрлық трансформацияның негізі цифрлық технологияларды ситуациялық қолдануды мемлекеттік ұйымдарға енгізілетін етіп жобалауға және енгізуге көшу болып табылады.

Көптеген мемлекеттік басқару органдары цифрлық қызметтерді дамыту цифрлық ұйым болу үшін жеткілікті деп санайды. Дегенмен, цифрлық трансформация іргелі бағыттарға бағытталған ұйымның операцияларын цифрлық «жүзеге асыруға» емес, цифрлық «болуға» бағытталған.



Сурет 1 - Цифрлық «жүзеге асырудан» цифрлық «болуға» дейін. Ескерту – сурет [1] мәліметтер негізінде автормен құрастырылған

Суреттен көріп отырғанымыздай, мемлекеттік басқару саласында цифрлық трансформацияға жетуде қызметтерді ғана цифрландырып қоймай, түбегейлі өзгерістер жасау маңызды. Цифрлық трансформация қазіргі таңда бүкіл әлемде қарқынды дамып келеді. Дүниежүзілік экономикалық форумның есебіне сәйкес, 2025 жылға қарай барлық мемлекеттік қызметтердің 60% - ы цифрлық форматта көрсетілетін болады.

Қазақстан үшін цифрландыру жаңа бастама болып табылмайды. Еліміз бұдан бұрында «естуші мемлекет» тұжырымдамасына бағытталған жоғары технологияларды дамытуда шаралар жүргізген болатын. Соның негізінде 2004 жылдан бастап Оңтүстік Корея, Сингапур, Италия тәжірибелеріне негізделген электронды үкімет жүйесін енгізеді. Электронды түрде қызмет көрсету азаматтар мен мемлекет арасындағы өзара іс-қимылды жеңілдетті және қоғамдық секторды ашық етті.[2] Электрондық үкіметтің дамуын бірнеше кезеңін бөліп көрсетуге болады:

Кесте 1 – Электронды үкіметті қалыптастыру кезеңдері

Кезеңдер	Жүзеге асырылу барысы
Бірінші кезең (2005-2006)	Бірінші кезеңді ақпараттандыру кезеңі деп атауға болады. Бұл кезеңде мемлекеттік мекемелер және олардың жұмысы және олар халыққа көрсететін қызметтер туралы ақпаратты қамтитын электрондық үкіметтің бірінші порталы іске қосылды. Осы кезеңде мемлекеттік қызмет көрсету регламенттері әзірленді және қызмет көрсетулер мен мемлекеттік органдармен құрылған нормативтік актілердің жобаларын онлайн-талқылау енгізілді.
Екінші кезең (2006-2007)	Екінші кезең электрондық қызметтерді тікелей ұсыну басталғандығымен сипатталады. Бұл кезең өзара әрекеттесу кезеңі деп те аталады. Осы кезеңде салалық ақпараттық жүйелер, мемлекеттік деректер базасы енгізілді, сондай-ақ «электрондық лицензиялау» және «бірыңғай нотариальдық ақпараттық жүйе» тетіктері енгізілді.
Үшінші кезең (2007-2010)	Үшінші кезеңде транзакциялар негізгі орында болды. Осы кезеңде алғашқы транзакциялық қызметтер пайда болды. Олар онлайн төлемдер мүмкіндігін болжады және электрондық мемлекеттік сатып алудың бірыңғай жүйесін енгізуге мүмкіндік берді. Нәтижесінде конкурстардың, тендерлердің және заңды мәмілелердің ашықтығы артты.[3]
Төртінші кезең (2010-2016)	Төртінші кезең жалпы мемлекеттік қызмет саласында цифрлық трансформация кезеңі болды. Осы жылдар ішінде негізгі мақсат мемлекеттік қызметтерді көрсетудің барынша тиімділігін қамтамасыз ету болды. Электрондық үкімет даму қарқыны жаңа кезеңдерге өтті. Сонымен қатар қазіргі таңда 2021-2025 жылдарға арналған «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы іске асырылуда.
<i>Ескерту – автормен құрастырылған</i>	

Қазақстанда цифрландыру бағытын дамыту негізінен «электрондық үкімет» пен «ақпараттық Қазақстан – 2020» қалыптастыру және дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламалары арқылы жүзеге асырылды. Бұл бағдарламалардың нәтижелері экономика салаларын дамытуға оң әсер етіп, 2018 – 2021 жылдар аралығындағы кезеңде жалпы экономикалық әсері – 1629,196 млрд теңге болды және инновациялық экожүйеге 114,8 млрд теңге тартылды.

БҰҰ-ның зерттеулері бойынша Қазақстан «электрондық үкіметті дамыту» индексі бойынша 28-орынды (+1) және «онлайн қызметтер» индексі бойынша 8-орынды иеленеді. Бұл нәтижелер электрондық үкіметтің инфрақұрылымын, яғни, негізгі деректер базасы мен салалық ақпараттық жүйелерді, өзара іс-қимыл және деректер алмасу шиналарын (ЭҮШ, Смарт-бридж), сондай-ақ сервистердің кең спектрін (электрондық үкімет порталы, «E-Licens», «Smart Data Ukimet» жүйелері, «Отбасының цифрлық картасы» цифрлық жобалары және «e-Otinish», E-gov Mobile мобильді қосымшасы және т.б.) құру есебінен мүмкін болды.[4]

Жалпы қазіргі еліміздегі мемлекеттік қызмет саласының цифрлық трансформациясының ағымдағы және нысаналы деңгейін сипаттайтын болсақ:

Кесте 2 – ҚР мемлекеттік басқару саласындағы цифрлық трансформациясының ағымдағы және нысаналы деңгейі.

	Ағымдағы деңгей		Деректерге бағдарланған	Нысаналы деңгей	
	e-Gov 2.0	Ашық		Цифрлық	Смарт
Жетілу деңгейі	1	2	3	4	5
Негізгі мақсат	Бірінші кезектегі міндеттерді шешу, тиімділік	Айқындық және ашықтық	Ведомствоаралық өзара іс-қимыл, деректермен алмасу	Предиктивті және проактивті қызметтер	Цифрланған өмірлік жағдайлар
Қызмет көрсету	Мемлекеттік портал	Мемлекет платформа	Мемлекеттік емес арналар	Қызметтерді ұсыну	Ақылды құрылғылар,

арналарын дамыту стратегиясы		ретінде		омникалдылығы	зияткерлік интерфейстер
Технологиялық фокус	Дәстүрлі АТ жеткізушілерінің өнімдері	Ашық деректер және оларға қол жеткізуге арналған бағдарламалық сервистер	Мемлекеттік және коммерциялық секторлардың деректерін пайдалану	Деректер көзі ретінде «заттар интернеті»	Жасанды интеллект
Табыстылықтың негізгі көрсеткіштері	Электрондық арналар арқылы көрсетілген қызметтер	Қоғамға қолжетімді ашық деректер жиынтығының саны	Ашық деректерге негізделген сервистер саны	Құрылғыларда пайдаланылған деректер	Қызметтер санын қысқарту
<i>Ескерту – [4] мәліметтер негізінде автормен құрастырылған</i>					

Кестеде жасыл түспен іске асырылған, сары түспен ішінара орындалған, көк түспен іске асырылмаған қадамдар көрсетілген. Кестеден көріп тұрғанымыздай 2023 - 2029 жылдарға арналған цифрлық трансформация, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласын және киберқауіпсіздікті дамыту тұжырымдамасына сәйкес нысаналы деңгейге жетуде атқаратын жұмыстардың көп екенін көруімізге болады.

Жалпы цифрлық трансформацияны іске асырудың мүмкін болатын 2 бағытын атап өтуге болады: дәстүрлі және платформалық.

«Дәстүрлі» бағыт қолданыстағы ақпараттық жүйелерді сақтау және біртіндеп жетілдіру және оларды біртіндеп интеграциялау арқылы жүзеге асырылады. Бұл баяу және көп еңбекті қажет ететін процесс болып табылады. Оның басты кемшілігі – ескірген технологияларды сақтау. Сонымен қатар, бұл бағытта «цифрлық феодализм» сақталады: ведомстволар ақпараттандыруға өз бюджеттерімен жұмыс жасай отырып, өз процестерін автоматтандырып, олардың ескі сипатын сақтап, деректерді тек өз саласында пайдалануға бағытталған кезде, бұл түрлі ақпараттық жүйелердің деректерімен салыстыруға келмейді. Болашақта дәстүрлі бағыт мемлекеттік жаңа қызметтермен қызметтер портфелін құруда қиын жағдайларға әкелуі мүмкін. Жаңа қызметтерді енгізудің ағымдағы орташа мерзімі 6 айдан 1,5 жылға дейін (немесе одан да көп) созылуы мүмкін, бұл іске қосу кезінде жаңа қызметтердің тұтынушыға қажет болмауына әкеледі.

Ал «платформалық» бағыт жаңа технологияларды енгізу мүмкіндіктеріне негізделген қолданыстағы процестер мен басқару құрылымдарының цифрлық трансформациясы. Мемлекеттің жұмыс қабілеттілігін сақтау және парадигманың түбегейлі өзгеруінен болатын жағымсыз салдарды жою мақсатында платформалық жолды таңдау орынды. Жаңа жүйе біртіндеп қолданыстағы жүйелердің функциялары мен қызметтерін алмастырады. Қазіргі өтпелі кезеңде «ескі» және «жаңа» жүйелер қатар өмір сүреді, ал бұл бағыт арқылы «ескі» жүйелердің қызметтері біртіндеп жаңа платформаға ауыстырылады.

Мемлекеттік қызмет саласында цифрлық трансформацияны іске асыру халықаралық нарықта қазақстандық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін едәуір арттыруды қамтамасыз ете отырып, елдің инновациялық әлеуетін кешенді дамытуға, сондай-ақ отандық инновациялық жүйені нығайтуға және оның сапалы жаңа деңгейге өтуіне ықпал етеді. Сонымен қатар, мемлекеттік технологиялық саясатты тиімді іске асыру жаһандық аренада экономиканың тұрақтылығын сапалы арттыра отырып, Қазақстан Республикасының әртараптандырылған экономика құру жөніндегі мақсатына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Болашақта елімізде мемлекеттік басқару жүйесінің қызметін қамтамасыз ету үшін процестерді цифрландыруды және кешенді ұйымдық-техникалық инфрақұрылымды құруды көздейтін «электрондық үкіметтің» бірыңғай платформасы құру жоспарлануда. Платформалық модельді енгізу азаматтардың өмірлік жағдайларын неғұрлым ыңғайлы жолмен шешуге бағытталған тиімді мемлекеттік аппарат құруға, сондай-ақ шешім қабылдау кезінде жасанды интеллект құралдарын қолдану мүмкіндігі үшін өзекті онлайн деректерді барынша арттыруға мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. William D. E, Jason Manstorf, Pankaj K.K, Jean Barroca. Seven pivots for government's digital transformation: How COVID-19 proved the importance of "being" digital. URL:

<https://www2.deloitte.com/us/en/insights/industry/public-sector/government-digital-transformation-strategy.html>

2. Jussupova, G., B. Bokayev & D. Zhussip. 2019. Digital Government Maturity as a Technologically New e-Government Maturity Model: Experience of Kazakhstan. International Conference Proceedings Series: 10-14. Collected April 30, 2021 at: <https://doi.org/10.1145/3340017.3340021>
3. Кушеров Н. 2005. Развитие электронного правительства в Казахстане. Журнал права и современных государств, 2: 98-102.30 апрель, 2021.
URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/razvitie-elektronnogo-pravitelstva-v-kazahstane/viewer>
4. 2023 - 2029 жылдарға арналған цифрлық трансформация, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласын және киберқауіпсіздікті дамыту тұжырымдамасы. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000269>

У Д К 330.34

СОЦИАЛЬНЫЕ АСПЕКТЫ ВНЕДРЕНИЯ «ЗЕЛеноЙ ЭКОНОМИКИ» В АГРАРНЫЙ СЕКТОР КАЗАХСТАНА

Сапарова Д.А.

докторант PhD, Университет «Туран-Астана»,
г. Астана, Казахстан. Email: saparova.ok@mail.ru
Научный руководитель: Сапарова Г.К.

Стукач В.Ф.

профессор, д.э.н., Омский Государственный Аграрный Университет, г. Омск, Российская Федерация.
Email: vic.econ@mail.ru victecon@gmail.com

Асташова Е.А.

профессор, д.э.н., Омский Государственный Аграрный Университет, г. Омск, Российская Федерация.
Email: ea.astashova@omgau.org

Аннотация. В статье делается упор на социальные аспекты перехода к «зеленой экономике» в части аграрного сектора РК. Так как, сельское хозяйство является ключевой отраслью, оказывающей влияние на продовольственную безопасность страны через обеспечение питания и влияние на здоровье населения страны, трансформация сельского хозяйства и сопутствующих отраслей АПК имеет важность для всей страны. Переход к более устойчивому производству сельскохозяйственной продукции с потенциалом «чистого» (без использования химикатов и пестицидов, без вредного влияния загрязненной окружающей среды, с инфраструктурой безотходного замкнутого цикла) питания для местного населения, в том числе социально уязвимых слоев, это то, что подразумевает «зеленая экономика» в социальной реализации.

Ключевые слова: социальная помощь; продовольственная помощь; аграрный сектор; «зеленая экономика»; устойчивое развитие.

Annotation. The article focuses on the social aspects of the green economy transition in the agricultural sector of the Republic of Kazakhstan. Since agriculture is a key industry that has an impact on the country's food security through nutrition and the impact on the health of the country's population, the transformation of agriculture and related industries of the agro-industrial complex is important for the whole country. The transition to a more sustainable production of agricultural products with the potential of "clean" (without the use of chemicals and pesticides, without the harmful effects of a polluted environment, with a waste-free closed-loop infrastructure) nutrition for the local population, including socially vulnerable segments of the population, is what the "green economy" implies in social realization.

Keywords: social assistance; food aid; agricultural sector; green economy; sustainable development.

Аннотация. Мақалада ҚР аграрлық секторы бөлігінде "жасыл экономикаға" көшудің әлеуметтік аспектілеріне аса назар аударылады. Ауыл шаруашылығы азық-түлікпен қамтамасыз ету және ел халқының денсаулығына әсер ету арқылы елдің азық-түлік қауіпсіздігіне әсер ететін негізгі сала болып есептелгендіктен, Ауыл шаруашылығын және АӨК ілесіп салаларын трансформациялау бүкіл ел үшін маңызды болып табылады. Жергілікті тұрғындар үшін, оның ішінде халықтың әлеуметтік осал топтары үшін "таза" (химиялық заттар мен пестицидтерді пайдаланбай, ластанған